

ISSN (Print) 2616-7174  
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ЖУРНАЛИСТИКА** сериясы

**JOURNALISM** Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

**№2 (127)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

**Бас редакторы Қайрат Сак**

*филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*  
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

**Редакция алқасы**

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақп	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Серделі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 349 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы**

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМҚ.

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**  
*Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*  
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

#### **Editorial board**

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzyaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saudbayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev  
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

#### **Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Кайрат Сак**  
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)  
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

#### Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматы	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев  
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 349  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**  
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.  
Периодичность: 4 раза в год  
Тираж: 25 экземпляров.  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## Мазмұны

### **БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ**

<i>Атанаева М.К., Булдыбаев Т.К., Оспанова У.А., Акоева И.Г., Нурумов К.С., Баймаханбетов М.А.</i> Жаңалықтар мәтіндеріндегі күдіктілік заңдылықтарын анықтау .....	8-19
<i>Жақсылықбаева Р.</i> «Адамгершілік», «жүрекжардылық» сипаттарына тәрбиелейтін жанр .....	20-25
<i>Есдәулетов А.О., Есдәулетова А.М.</i> Бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториямен өзара іс-қимылындағы жаңа үрдістер .....	26-35
<i>Қожахметова Л.Т.</i> Қазақ баспасөзін цифрландыру барысында кездескен проблемалар .....	36-43
<i>Хахазова З., Баткеева Б.</i> Мәтін - публицистикалық стиль бірлігі ретінде .....	44-52

### **ЖАҢА МЕДИА**

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Медиа-нарық тиімділігінің қазіргі көріністері: Қазақстанда реттеудің қиындықтары мен басымдықтары .....	53-63
<i>Есенбекова Ұ.М.</i> Жаңа дәуірдегі медианың психологиялық реттеу функциялары .....	64-68
<i>Құрьянович А.В.</i> Қазіргі медиа дискурсындағы иронияның функционалдық ресурсы (Facebook әлеуметтік желісіндегі хатқа негізделген) .....	69-77
<i>Көшкенов Н.Ж., Сақ Қ.Ө.</i> Медиатизация – қоғам мен мәдениет трансформациясының қозғаушы күші .....	78-83
<i>Негізбаева М.О., Слямова А.С., Ли Жуй.</i> Мемлекеттік бағдарламаларды насихаттаудағы жаңа медиа .....	84-90
<i>Тоқтарбай Б., Жақсылық А.</i> Жаңа медиа және блогерлік: шетелдік, отандық тәжірибе негізінде .....	91-97

## Contents

### *THE MEDIA AND SOCIETY*

<i>Atanayeva M., Buldybayev T., Ospanova U., Akoyeva I., Nurumov K., Baimakhanbetov M.</i> Determination of consistent patterns of suspiciousness in news texts .....	8-19
<i>Zhaxylykbayeva R.</i> Genre educates the characteristics of «morality», «soulfulness»..	20-25
<i>Yesdauletov A.O., Yesdauletova A.M.</i> New trends in the interaction of media publications with the audience .....	26-35
<i>Kozhakhmetova L.T.</i> Problems arising in the digitization of the Kazakh press .....	36-43
<i>Khahazova Z.M., Batkeeva B.T.</i> Text is a journalistic style unit .....	44-52

### *NEW MEDIA*

<i>Aryn Ye.M., Aryn R.S.</i> Modern aspects of media market efficiency: problems and priorities of regulation in Kazakhstan .....	53-63
<i>Yessenbekova U.M.</i> The functions of psychological impact and regulation of media in the new era .....	64-68
<i>Kurjanovich A.V.</i> Functional resource of irony in modern media discourse (based on correspondence on the social networking site Facebook) .....	69-77
<i>Koshkenov N.Zh., Sak K.O.</i> Mediatization is the driving force behind the transformation of society and culture .....	78-83
<i>Negizbayeva M.O., Slyamova A.S., Лу Жыў.</i> New media in promoting government programs .....	84-90
<i>Toktarbai B., Zhaksylyk A.</i> New media and blog: based on foreign, domestic experience .....	91-97

## Содержание

### **СМИ И ОБЩЕСТВА**

<i>Атанаева М.К., Булдыбаев Т.К., Оспанова У.А., Акоева И.Г., Нурумов К.С., Баймаханбетов М.А.</i> Определение закономерностей подозрительности в новостных текстах .....	<b>8-19</b>
<i>Жаксылыкбаева Р.</i> Жанр воспитывающий характеристики «нравственности», «душевности» .....	<b>20-25</b>
<i>Есдаулетов А.О., Есдаулетова А.М.</i> Новые тенденции взаимодействия медиа изданий с аудиторией .....	<b>26-35</b>
<i>Кожаметова Л.Т.</i> Проблемы, возникающие при цифровизации казахской печати .....	<b>36-43</b>
<i>Хахазова З., Баткеева Б.</i> Текст - как единица публицистического стиля .....	<b>44-52</b>

### **НОВЫЕ МЕДИА**

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Современные аспекты эффективности медиа-рынков: проблемы и приоритеты регулирования в Казахстане .....	<b>53-63</b>
<i>Есенбекова У.М.</i> Функции психологического регулирования медиа в новой эпохе .....	<b>64-68</b>
<i>Курьянович А.В.</i> Функциональный ресурс иронии в современном медиадискурсе (на материале переписки в социальной сети Facebook) .....	<b>69-77</b>
<i>Кошкенов Н.Ж., Сак К.О.</i> Медиатизация является движущей силой трансформации общества и культуры .....	<b>78-83</b>
<i>Негизбаева М.О., Слямова А.С., Ли Жуй.</i> Новые медиа в продвижении государственных программ .....	<b>84-90</b>
<i>Токтарбай Б., Жаксылык А.</i> Новые медиа и блог: на основе зарубежного, отечественного опыта .....	<b>91-97</b>

XFTAP 19.01.11

**Б.Тоқтарбай<sup>1</sup>, А. Жақсылық<sup>2</sup>**

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>beibit.togtarbai@mail.ru, <sup>2</sup>b.bek.2006@mail.ru)

### **Жаңа медиа және блогерлік: шетелдік, отандық тәжірибе негізінде**

**Аңдатпа.** Автор бұл мақалада жаңа медиа және оның ішінде блогерлік жайлы баяндайды. Интернеттің пайда болуы коммуникация саласы үшін үлкен жетістік болғандығын сонымен қатар әсіресе, журналистика үшін айтулы кезең екендігін атап өтеді. Интернетпен бірге келген журналистикадағы техникалық және технологиялық жаңартуларды, олардың игілігін талдайды. Жаңа медиамен ере келген блог және блогерлік ұғымдарына тоқталады. Блог деген не, блогер деген кім дейтін сұрақтарға жауап іздейді. Блогерлердің қоғамдағы орнын, олардың жұмыс істеу стилін және Қазақстандағы блогерлік жайлы жазады. Блог жүргізуде ескеретін мәселелерге, құқықтық және этикалық нормаларға көңіл аударады. Шетелдік және отандық блогерлер жайлы мысалдар келтіреді. Отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінен теориялық және практикалық мысалдар қарастырады. Қазақстанда азаматтық журналистика, жаңа медиа, блогерлік ұғымдарының толыққанды орнығып, халық арасында кеңінен таралғандығын атап өтеді. Еліміздегі азаматтық журналистиканың болашағы жайлы пікір айтады.

**Түйін сөздер:** жаңа медиа, азаматтық журналистика, блог, дәстүрлі медиа, интернет, БАҚ.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-127-2-91-97>**

**Кіріспе.** Барлық коммуникация түрі үшін интернеттің пайда болуы – үлкен тарихы кезең болғаны рас. Интернеттің іске қосылуымен әр саладағы қарым-қатынас жүйесінде техникалық-технологиялық тұрғыдан көптеген жаңалық пен ілгерлеушілік болды. Бұл ілгерлеушілік аз уақыт ішінде қанат жайып, қоғамның түрлі саласында өз жемісін беріп отыр. Коммуникация саласының сандық технология жүйесіне көшуі қарым-қатынасты жеделдетіп, қолжетімділік мүмкіндігін анағұрлым жақындата түсті. Денсаулық сақтау, білім беру, қаржы жүйесі, толып жатқан әлеуметтік және мемлекеттік бағдарламалар жайлы үйде отырып ақпарат алу – азаматтар үшін таптырмас мүмкіндік. Ал жолаушы тасымалы мен саяхат билеттеріне электронды түрде қол жеткізу тұтынушылар үшін өте ыңғайлы болып саналады. Мұның барлығы – интернетпен ере келген артықшылықтар.

**Зерттелу нысаны.** Жаңа технология игілігі ең әуелі журналистика саласы үшін ерекше айтулы кезең болып есептелінбек. Интернет игілігі журналистиканы техникалық тұрғыдан, жасалу технологиясы жөнінен көптеген жаңалықпен қамтыды. Сонымен қатар журналистиканың мазмұны, пішіні, мінезінде де белгілі деңгейде өзгешеліктер туындады. Интернет пен жаңа технологияның БАҚ-ты жақсарту жөніндегі ықпалын шетелдік зерттеушілер былай деп бағалайды: «Әрине, интернет және басқа да сандық технологиялардың журналистиканы жақсартуға әлеуеті зор. Газет жаңалықтары мен телебағдарламаларды тарату шығынымен салыстырғанда қарапайым ғана веб-сайт сол қызметті аз ғана қаржылық шығынмен атқара алады. Интернет басқа бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда ұйымдастырудың өте қарапайым және қолайлы түріне ие» [1]. Ақпарат таратудағы жеделдік, уақыт пен қаржыны үнемдеу тағы басқа толып жатқан артықшылығын тізе берсе, интернеттің журналистика үшін жақсылығы көп. Қазір барлық дәстүрлі БАҚ заманауи медианың артықшылығын сезініп, күнделікті жұмыс барысында пайдаланып отыр. Журналистер мен редакторлар қоғамдағы жаңа ақпараттар жайлы дер кезінде құлағдар болады. Тіпті кейбір ауқымды жобалар жайлы хабарландыру деректерін оқырмандары мен көрермендеріне дер кезінде әлеуметтік желі арқылы да жеткізе алады. Сонымен қатар тікелей



эфирден шыққан немесе газет журналдың өткен сандарындағы материалдың кез-келгенін электронды мұрағат ретінде оқырман мен көрерменге ұсына алады. Әрі мұндай материалдарға қол жеткізу аса қиын шаруа да болмай қалды. Мұндай игі шараларды тізе берсе мысалдар көп.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақстандағы жаңа медиа, соның ішінде азаматтық журналистика жайлы алғашқылардың бірі болып пікір білдіріп, еңбек жазған – Асхат Еркімбаев. Асхат блогерліктің қыр-сыры жайлы, азаматтық журналистиканың болмысы жөнінде болашақ журналистерге де дәрістер оқыған. Интернеттің артықшылығы және онымен жұмыс барысында ескеретін жайттар жайлы былай: «Интернет қазақ тілінде ақпарат алмасатын бірден-бір алаңға айналып келеді. Қарапайым интернет қолданушы мен журналист арасындағы айырмашылықты жете түсіну үшін журналистер жаңа медианың негізгі ұстанымдарын айқын ажырата білгені жөн. Әрі жаңа медианы журналистиканың бір түрі деп емес, журналистиканы дамытатын қосалқы құрал деп қарастырған абзал. Жаңа медианың дамуы журналистиканың ақпарат шынайылығы, дәлдігі және жылдамдығы деген құндылықтарын толықтыра түседі» дейді [2]. Қазақ тілінде алғашқылардың бірі болып блог жүргізген және жаңа медиа жайлы еңбек жазған зерттеушінің айтып отырғанында көп шындық бар. Интернеттің келуі журналистердің аудиториямен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауына, жеделдік пен дәлдікке қол жеткізуіне біршама ықпал етті. Ақпараттық сайттардың журналистері еліміздің түпкір-түпкіріндегі жаңа ақпаратты аудиторияға жедел түрде жеткізуге мүмкіндік алды. Телеарналар да тікелей эфир жасауға интернеттің көмегін пайдаланып отыр. Ал отандық радиолардағы ең танымал радиошоулар мен аудиториясы көп бағдарламалар тікелей эфирде жүріледі. Олар аудиториямен сол сәтте әлеуметтік желідегі топтары арқылы тілдесіп отырады.

**Мәселенің зерттелу тарихы.** Жаңа медиа жайлы тағы бір отандық зерттеуші былай дейді. «Жаңа медианың журналистикаға ықпал-әсерін екі тарапта қарастырған жөн. Ғаламтор арқылы қазақтілді ақпарат алаңдары: порталдар, сайттар, форумдар мен блогтар қазақ аудиториясына тікелей бағытталып жатыр. Қазақтілді домендер мен хостингтердің саны күннен-күнге артып келеді. Қазақтілді интернет-аудитория қалыптасып, бүгінде олардың саны молайды. Жаңа медиа қоғамда журналистиканың жаңа формасын туғызды. Ол құбылыс азаматтық журналистика, интернет-журналистика деген атпен танымал» [3]. Иә, интернетпен бірге көптеген жаңа ұғымдар, атаулар, қызмет түрлері ере келді. Аудиториямен тікелей байланысқа шығу журналистиканың демократиялық болмысын айшықтай түскені сөзсіз. Сайттар мен порталдардағы материалдардың астына жазылған оқырмандар пікірінің өзі аудитория белсенділігін кәдімгідей арттырды. Әртүрлі тақырыптардағы онлайн форумдар ашық қоғамдағы адамдардың азаматтық позициясын жеткізуге жол ашты. Мұның барлығы азаматтық қоғам құруға деген демократиялық қоғамның талпынысын нығайтты. Ал журналистика үшін аудиториямен біріге жұмыс істеу – ең басты мұраттарының бірі. Интернет журналистика, азаматтық журналистика немесе блогерлік деген ұғымдар журналистика мазмұнын байыта түскені рас.

Біз бұл жолғы мақалада жаңа медиамен ере келген жаңаша атаулардың бірі блог немесе блогерлік жайлы баяндамақ ниеттеміз. Қазір дәстүрлі медиа өкілдері блог жайлы алғашқы мәліметті біледі. Сонымен қатар көптеген кәсіби журналистер жеке блог жүргізеді. Ал Қазақстанда блогерлер деген бір қауым адамдар тобы пайда болғанына да біраз уақыт болды. Блогерлерді тек қана журналистердің арасынан іздеуге болмайды. Олар қоғамның әр саласынан кездеседі. Сонымен қатар өздерін қоғамның еркін көзқарастағы өкілдері санайды. Олар саясаткерлер, педагогтар, діндарлар, журналистер, тарихшылар деп кете береді. Бір өкініштісі Қазақстандағы блогосфера белгілі бір хостинг немесе доменде топтаспаған. Олар әртүрлі сайттарда немесе әлеуметтік желіде постылар жаза береді. Дәл қазіргі таңдағы ең көп пост жарияланатын әлеуметтік желі – ол фейсбук. Сонымен

блог деген не, блогер деген кім? Олар жайлы зерттеушілер не дейді? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрейік. «Біртұтас анықтама болмағанымен, олардың барлығына ортақ үш түрлі қасиет бар. Олар әдетте postings (жазбалар) деп аталатын қысқа мақалалардан тұрады. Кері хронологиялық ретпен жарияланады, яғни соңғы жарияланғандары жоғарғы жағында тұрады. Әр мәтіннің ішінде интернеттің өзге беттеріне сілтеме жасайтын гиперсілтемелер болады. Блогтар дегеніміз – әңгімелер. Көптеген үздік блогтар оқырмандарын пікірталасқа шақырады. Блогшылар бір-бірінің жұмыстарына сілтеме жасап, пікір алмасқанды ұнатады. Қарапайым ауызекі тілмен жазылғандықтан блогтар қызықты болып көрінеді. Сондықтан да оларды адамның емес, әлде бір комитеттің белгілеген ережелері бойынша жазылған қалыпты газет мақаласына қарама-қарсы деуге болады. Блогтан адамның үнінің естілуі – осы формадағы коммуникация түрінің кең өріс алуының бірден бір маңызды бөлігі» [4].

**Шетелдік зертеулер мәселесі.** Блог жайлы шетелдік мамандар осылай дейді. Бұл – сол блог немесе азаматтық журналистиканың отаны саналатын АҚШ-та жарық көрген журналдағы пайым. Блог жайлы нақты бір анықтама немесе теориялық тұжырым болмағанымен олардың ортақ қасиетін және жазбасындағы басты мақсатын атап өтеді. Қазір Қазақстанда блогерлікті машыққа айналдырған тіпті кәсіпке жаратып отырған белсенділер де бар. Олардың жүздеген мыңдаған оқырмандары бар. Блогерлер сол аудиториясымен үнемі байланыста жұмыс жасайды. Блог жүргізетін белсенділер көп жағдайда аудитория сұранысына сай материалдар беруге тырысады. Блог жүргізу еркін форматта болғандықтан ол материалдардың тілі жатық, оқырманын бірден баурап алады. Жазбаларына ешқандай редакторлық бақылау болмағандықтан блогер материалын барынша әсерлі әрі өтімді етіп беруге тырысады. Қоғамдағы түйінді мәселе бойынша немесе даулы істер жайлы пост жазып, оқырмандарынан қолдау күтеді. Кей жағдайларда аудитория екіге жарылып, көзқарас алуандығы туындап, форум дауға ұласады. Негізінен блогер үшін аудиторияны «оята білу» басты мақсат тәрізді. Сонымен қатар қоғамдағы көптеген түйткілді мәселелер алдымен блогерлердің назарына ілініп, олардың жазған постыларының нәтижесінде қоғамдық резонанс тудырып, сосын барып дәстүрлі медиадағы кезекті тақырыпқа айналған жағдайлардан талай мысалдар келтіруге болады. Бұл жердегі мәселе жоғарыда блог жайлы үзіндідегі келтірілген адамның ішкі үнінің естілуі екендігін мойындамасқа болмайды.

**Блоггерлер нысаны.** Блогерлердің постылары кез-келген жерде, әртүрлі жағдайда жазыла беруі мүмкін. Пост жазушы автор өзі қызықтаған тақырыпта немесе өзін алаңдатқан, аудитория сұранысын қанағаттандыратын тақырыпта жарияланым ілуге болады. Кей жағдайларда блогерлер дәстүрлі журналистерден де шапшаңдық танытып, болған оқиға жайлы оқырмандарын құлақтандыра алады. «Табиғи апаттар туралы кез-келген жаңа мәліметке зәру болып отырған оқырмандар үшін блогтар аса ыңғайлы болып шықты. Көпшілікті дүрліктірген бір оқиға тұсында блог газеттің бірінші бетін алмастырған. Катрина дауылы тұсында жаңаорлеандық «Таймс Пикаюн» газеті редакциясының ғимараты қирап, журналистер қаланың өзге тұрғындарымен бірге бас сауғалап қашуға мәжбүр болған. Газетті басып шығару мүмкін бомағанымен, олар блогтың көмегімен оқырмандарын ұдайы ақпаратпен қамтамасыз етіп отырды» [5]. Мұндай мысалдар барлық елдерден табылуы мүмкін. Бұл жерде дәстүрлі медиа өкілдері жаңа медиа мүмкіндігін пайдаланып, оқырмандарын елеусіз қалдырмаған. Ал көптеген жағдайлардағы оқыс оқиғаларды бұл күндері ең бірінші әлеуметтік желі арқылы білеміз. Қазақстандағы табиғи апаттар, қарлы борандар, су тасқыны жайлы көптеген ақпараттарды қазір әлеуметтік желі белсенділері арқылы білетініміз рас. Мәселен, *Астанада болған қарлы боран жайлы адамдардың табиғатпен арпалысы жайлы видеолар ең әуелі әуесқойлардың мобилді құрылғыларымен түсірілген болатын. Кейіннен интернетке тараған бұл видеоларды барлық республикалық арналар өз сюжеттеріне пайдаланды.*

Қазір блогерлер отандық БАҚ-тың дамуына өзіндік үлесін қосып отыр. «Байқа-саңыз, блогерлердің танымалдығы күннен күнге артуда: блогерлерге арналған конкурстар, әкімдердің блогерлермен кездесуі, әуе компанияларының әлемдік блогтурлар ұйымдасты-руы және т.б. Олардың танымалдығымен қатар ықпалы да артуда. Блогерлер көтерген мәсе-лелер жұрт назарын аударып, тиісті шешім қабылдауға итермелеген жағдайлар жиі кезде-седі», – дейді азаматтық журналистика жайлы мақала жазып жүрген отандық автор [6]. Иә, расымен бұл күнде блогерлердің танымалдығы телеарна журналисінен ешқандай да кем емес. Сонымен қатар олардың өзіндік ықпалы да артып келеді. Атқарушы билік қандай да бір жобаны насихаттауда немесе түйінді істің күрмеуін шешуге көмек ретінде блогерлерге жүгініп жүргендігі де жасырын емес. Демек Қазақстанда азаматтық журналистикаға, бло-герлікке сұраныс артып келеді деп түйіндеуге толық негіз бар. Бұл үрдіс алдағы уақыттарда жалғаса беретіні сөзсіз.

Сонымен блогерлік Қазақстанда алдағы уақытта белгілі деңгейде сұранысқа ие қызмет түріне айналуы әбден мүмкін. Блог жүргізуді тек қана қандай да бір топтың мүд-десі үшін іске асырады десек қателік болады. Көп жағдайда адамдар өздерінің жеке қы-зығушылығы үшін немесе азаматтық көзқарасын, жеке үнін қоғамға тыңдату мақсатында жеке блог жүргізуді машыққа айналдырады. Қазір біздің елде көптеген лауазымды адамдар, танымал тұлғалар, атқарушы билік өкілдері жеке блог жүргізеді. Қандай да бір қызмет ие-лері халыққа маңызды ақпаратты әлеуметтік желі арқылы жеткізуді машыққа айналдыра бастады. Мәселен «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Мәулен Әшім-баев фейсбук әлеуметтік желісіндегі блогын тұрақты жүргізіп тұрады. 2019 жылдың басын-да Қарағанды қаласындағы болған жергілікті тұрғындар мен әзербайжан ұлтының өкілдері арасындағы жанжалға байланысты көзқарасын осы әлеуметтік желі арқылы жеткізді. Ал Қазақстан Республикасы Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет үшін аса маңызды мәселе жайлы көзқарасын осы әлеуметтік желі арқылы жеткізеді. Мәселен латын әліпбиіне көшу жайлы пікірді билік өкілдерінің арасынан тұңғыш болып Қ.Тоқаев өзінің әлеуметтік парақшасында жазған болатын. Мұндай мысалдарды тере берсе көптеп кезде-стіруге болады. Демек, блогерлік немесе азаматтық журналистика – Қазақстанда жақын болашақта қарқынды жұмыс жасай бастайды деген сөз.

**Блог жүргізу еркін форматта екендігін атап өттік.** Ондағы автордың жазу стилі, әр бір мәселеге көзқарасы, таным түсінігі барлығы өзіндік пайымымен қалмақ. Бірақ бұл жерде де ескеретін мәселелер болуы керек. Бұл медианың бір түрі болғандықтан блог жазу-дағы еркіндік пен жариялылықтың да өзіндік шегарасы бар. Ол қандай талаптар? Негізі-нен дәстүрлі медиадағы ұстанымдар блогерлер мен азаматтық журналистика өкілдеріне де бірдей. Зерттеушілер пікіріне жүгінейік. «Әдепкі медиаға қарағанда блогшылар лақап атымен немесе бүркеншік атымен ақпарат таратады. Кей елдерде жеке бас қауіпсіздігі мақ-сатында кейбір интернет қолданушылар осындай тәсілді қолдануға мәжбүр. Алайда бүр-кеншік атпен хабар таратып отырғанның өзінде де журналистік әдептілікті сақтап, дерек пен дәйекті ұқыпты, ешбір топтың мүддесінің жетегінде кетпей жеткізуі керек» [7]. Иә, кез-келген жазба интернет арқылы кең ауқымдағы аудиторияға жарияланатындығын ескер-сек жауапкершілік жүгі ауырлай түседі. Ешқандай редакторлық немесе бақылау жоқ екен деп этикалық нормалардан аттап өтуге жол берілмейді. Блогер жазбасын журналистік эти-каларды сақтай отырып, аудитория сұранысын қанағаттандырғаны абзал. Егер қандай да бір жеке бас араздығы үшін әлдекімнің ар намысына тиетін, азаматтық болмысына зиян келтіретін немесе қоғамдық араздық тудыратын зиянды ақпараттар бөліссе жауапкершілік болары сөзсіз. «Оқырман тарапынан немесе үшінші қолданушы тарапынан не нәрсе жария-ланса да блогшы өзі жазған кез-келген мәтіні үшін жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Сот просеці бола қалған жағдайда блогшының дерек жинаудағы әдісі мұқият сарапталады».[8]. Көпшілік аудиторияға арналған материалды жариялауда құқықтық нормаларды аттап өтуге

болмайды. Блогердің шындыққа сай келмейтін жазбасы ертең өзіне заңдық жауапкершілік жүктетуі әбден мүмкін. Блогерлердің арандатушы жазбалары үшін жауапкершілікке тартылған мысалдар біздің елде де болған. Олардың көбісі – ұлт араздығын қоздырушы немесе республиканың тәуелсіздігіне нұсқан келтіретін жазбалар жариялағандары үшін сотты болғандар.

**Қорытынды.** Журналистика саласының әрбір жүріп өткен жолы, формалық және мазмұндық жаңаруы, техникалық-технологиялық серпілісі тарих болып қала бермек. Жаңа медиа мүмкіндіктері отандық журналистиканың жаңа парақтарын жасап жатыр. Азаматтық журналистика немесе блогерлік болсын дәстүрлі медианың ажырамас бір бөлігі болып есептелетін күн алыс емес. Сондықтан да азаматтық журналистиканың қанат жаюына мүмкіндік тудырып, отандық блогерлер шоғырын бір жүйеде топтастыру маңызды болып саналмақ. Ал блогерлерді құқықтық тұрғыдан сауаттандыру, азаматтық журналистиканың аудитория үшін жемісті еңбек етуіне кепілдік. Демек жаңа медиа саласында атқарылуға тиісті өзекті мәселелер жеткілікті. Бұған тиісті мекемелер көңіл бөледі деген ойдамыз

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Джонес Д., Сандық журналистика: оқулық / ауд. Қ.Н. Мысаева // ҚР білім және ғылым министрлігі. – Алматы: ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы, 2014. - 266 б.
- 2 Еркімбаев А. Қазіргі кездегі журналистік білім беру: Инновациялар, жаңа технологиялар: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Асыл кітап» баспасы, 2012, - 97 б.
- 3 Білдебекова Ә.Т. Ақпараттық қоғам және азаматтық журналистика / Ә.Т. Білдебекова // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2018. №2(40). -Б. 70-75.
- 4 Гиллмор Д. Блогшылар коммуникациядағы алғашқы қадамдарын жасап жатыр / Гиллмор Д. // АҚШ электронды журналы. Ғаламдық мәселелер. Жаңа медиа. АҚШ мемлекеттік департаменті. - 2006. №2.-б.25-27.
- 5 Gillmor D. Bloggers take the first steps in communication / Гиллмор Д. // АҚШ электронды журналы. Ғаламдық мәселелер. Жаңа медиа. АҚШ мемлекеттік департаменті. - 2006. - №2. 25-27 б.
- 6 Білдебекова Ә.Т. Азаматтық журналистика: Қалыптасуы мен дамуы / Білдебекова Ә.Т. // ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2016. №2(40). -Б. 35-39.
- 7 Киртли Д. Журналистің жауапкершіліктері Journalist,s responsibilities / Киртли Д. // Медиа құқық. АҚШ Мемлекеттік департаменті, Халықаралық ақпараттық бағдарламалар бюросы. - 2011. – 47 б.
- 8 Киртли Д. Жаңа медиа, азаматтық журналистика және блогшылар / Киртли Д. // Медиа құқық. АҚШ Мемлекеттік департаменті, Халықаралық ақпараттық бағдарламалар бюросы. - 2011. – 52 б.

### Б. Токтарбай, А. Жақсылық

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### Новые медиа и блог: на основе зарубежного, отечественного опыта

**Аннотация.** Автор в данной статье говорит о новом медиа, в частности блогерстве. Он отметил, что появление интернета стало большим достижением для сферы коммуникаций, особенно для журналистики. Анализирует технические и технологические обновления, произошедшие в журналистике с приходом интернета, а также их пользу. Он рассказывает о понятиях блога и

блогерства, которые сопровождались новой медией. Ищет ответы на вопросы что такое блог, кто такой блогер. Пишет о занимаемом месте блогеров в обществе, стиле их работы и блогерстве в Казахстане. Обращает внимание на вопросы, учитываемые в ведении блога, на правовые и этические нормы. Приводит примеры о зарубежных и отечественных блогерах. Также приводит теоретические и практические примеры из трудов отечественных и зарубежных ученых. Он отметил, что в Казахстане полноценно укрепились такие понятия как гражданская журналистика, новая медиа, блогерство и получили широкое распространение среди населения. Прогнозирует о будущем гражданской журналистики в нашей стране.

**Ключевые слова:** новые медиа, гражданская журналистика, блог, традиционные медиа, Интернет, СМИ.

**B. Toktarbai, A. Zhaksylyk**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **New media and blog: based on foreign, domestic experience**

**Abstract.** In this article the author talks about new media and blogging in particular. He noted that emergence of the Internet has become a great achievement for communication field, especially for journalism. He analyzes technical and technological modernization that took place in journalism with the rise of the Internet, as well as their benefits. He talks about blog and blogging concepts, which were accompanied by the new media. He looks for answers to questions about what blog is and who is a blogger. He writes about bloggers' place in society, their style of work and blogging in Kazakhstan. He draws attention to issues considered in blogging, legal and ethical norms. He gives examples about foreign and domestic bloggers. He also gives theoretical and practical examples from the works of domestic and foreign scientists. He noted that such concepts as civil journalism, new media and blogging were fully entrenched and widely spread among the population in Kazakhstan. He makes prognosis about civil journalism in our country.

**Keywords:** new media, civic journalism, blogging, traditional media, Internet, media.

### **References**

- 1 Jones D., Salter, L. Digital Journalism; Tutorial, ext. K.N. Mysaeva, Education and Science of the Republic of Kazakhstan, (Higher educational institution of RK. Association, Almaty, 2014, 266 p.). [in Kazakh]
- 2 Erkimbai A. Kazirgi kezdegi jurnalistik bilim beru: Innovasiolar, jana tehnologialar [Modern system of education Journalism: Innovatoin, new technology, learning package], («Asyl kitap» publishing house, Almaty, 2012, 97 p.). [in Kazakh]
- 3 Bildebekova A.T. Akparattik kogam jane azamattik jurnalistika [Information society and civic journalism], KazUU khabarshisi [KazNU Bulletin. Series of journalism], 2 (40), 70-75 (2018). [in Kazakh]
- 4 Gillmor D. Blogshilar kommunikasiadagi algashki kadamdarin jasap jatir [Bloggers take the first steps in communication], Global problem. New media. USA department of state, 2, 25-27 (2006). [in Kazakh]
- 5 Gillmor D. Blogshilar kommunikasiadagi algashki kadamdarin jasap jatir [Bloggers take the first steps in communication], Global problem. New media. [USA department of state], 2, 25-27 (2006). [in Kazakh]

6 Bildebekova A.T. Azamattik jurnalistika: kaliptasui men damui [Civic journalism: Formation and development], KazUU khabarshisi [KazNU Bulletin. Series of journalism], 2 (40), 35-39 (2016). [in Kazakh]

7 Kirtli, D. Jurnalistin jauapkershilikteri [Journalist,s responsibilities], Media low, [Bureou of international information program department of state USA], 47 (2011). [in Kazakh]

8 Kirtli, D. Jana media, azamattik jurnalistika jane blogshilar [New media, civic journalism and bloggers], Media low, [Bureou of international information program department of state USA], 52 (2011). [in Kazakh]

#### **Авторлар туралы мәліметтер:**

**Тоқтарбай Б.** – Журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Жақсылық А.** – аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Toktarbai B.** – PhD student at faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Zhaksylyk A.** – senior lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.